

**Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында
COVID-19 коронавирустық инфекциялық пандемия кезінде аралық
аттестаттауды ұйымдастыру
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, Білім берудің кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік стандарттары, «Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі №123 бұйрығы, қашықтан білім беруді ұйымдастыру жөніндегі ЮНЕСКО-ның ұсынымдары, 2020 жылғы 20 сәуірдегі ҚР БҒМ коронавирусты инфекция COVID-19 пандемиясы кезеңінде жоғары және (немесе) жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулығы негізінде әзірленді.

2. Коронавирустық инфекцияны таратпау туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы ведомствоаралық комиссияның 2020 жылғы 12 наурыздағы хаттамасына сәйкес Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты (бұдан әрі - Институт) білім беру бағдарламаларын қашықтан оқыту форматында іске асырады.

3. Институт студенттер мен оқытушыларға қашықтан оқыту технологияларына қол жетімділікті, оның ішінде, бірақ тек олармен шектелмей, Platonus ААЖ, сандық репозиторийлер, онлайн сабақтар өткізу жүйесі, тапсырмаларды электронды түрде орындау және тапсыру жүйелері, студенттердің жұмыстарын плагиатқа тексеруді қамтамасыз етеді. Қашықтан оқытудың техникалық құралдарын таңдау Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында Қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесімен анықталады.

4. Институттың профессор-оқытушылар құрамы Platonus ААЖ және басқа қолданылатын технологияларды пәндер материалдарымен (силлабустар, студенттерге арналған тапсырмалар, әдебиеттер, видео дәрістер, анықтамалық акпарат) толтыруды, студенттердің жұмыстарын уақытылы тексеруді, онлайн сабақтарын уақытылы өткізуді қамтамасыз етеді.

5. Институт білім алушылар мен оқытушыларға қашықтан білім беру технологияларын қолдану бойынша нұсқаулықтар мен академиялық саясатты, оның ішінде бағалау, аралық және қорытынды аттестаттау саясатын әзірлейді және ari.kz сайтында ұсынады.

6. Институт оқу процесіне уақытылы техникалық қолдау көрсетеді, оның ішінде білім алушылардың онлайн режимінде оқуға бір уақытта қатысуын шектейтін жағдайдағы білім алушылардың жағдайын ескеру үшін асинхронды және икемді тәсілдерді қолдану мүмкіндігін туғызады.

7. Институт білім алушылар мен оқытушыларды қашықтан оқыту кезінде қолдау көрсету үшін психологтарды және басқа мамандарды тарта алады.

2. Аралық бақылауды өткізу тәртібі

8. Білім алушылар үлгерімнің ағымдық бақылауы, аралық аттестаттауы Институттың академиялық саясаты және бағалау саясатымен анықталады.

9. Білім алушылардың белгілі бір пән бойынша оқу нәтижелеріне жетуін бағалау мақсатында Институт Platonus ААЖ және басқа қолданылатын қашықтан білім беру технологиялары арқылы білім алушылардың аралық аттестаттауын жүзеге асырады.

10. Келесі пәндер бойынша аралық аттестаттау Platonus ААЖ-нде компьютерлік тестілеу түрінде жүргізіледі: Әлеуметтік-саяси білім модулі, Қазақ (Орыс) тілі, Шет тілі, Философия, Жас ерекшеліктері физиологиясы және қауіпсіздік негіздері, Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Білім берудегі менеджмент, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

11. Басқа пәндер бойынша аралық аттестаттау келесі нысандарда жүзеге асырылады:

11.1 онлайн түрінде өткізілетін ауызша емтихан,

11.2. «ашық кітаппен» тапсырылатын емтихан (take-home open book exam) - үйде орындалған жоба, эссе, есеп шығаруды, кейс шешуді бағалау,

11.3. Zoom, Microsoft Teams, Youtube және басқа платформалар негізінде шығармашылық емтихан,

11.4. Platonus ААЖ-ндегі компьютерлік тестілеу.

12. Кафедралар 11.1-11.3 тарамақтарында көрсетілген нысандар бойынша қабылданатын емтихан кезіндегі білім алушылардың жауаптарын бағалау критерийлерін әзірлейді және ari.kz сайтындағы парақшаларына жариялайды.

13. Аралық аттестаттау нәтижелерімен келіспеген білім алушы апелляцияға аралық аттестаттау нәтижелері жарияланған күннен бастап 2 жұмыс күннен кешіктірмей өтініш бере алады. Оқытушы емтихан материалдарын ұсынбаған жағдайда білім алушының апелляциялық өтініші қабылданбайды.

14. Апелляциялық өтінішті қарау үшін Институт ректорының бұйрығымен тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

15. Апелляциялық комиссия білім алушының өтініші түскен күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде онлайн отырыстар өткізеді.

16. Апелляция нәтижелері бір жұмыс күні ішінде өтініш берушіге жіберіледі.

17. Осы Ережелердің 11-тармағында анықталған емтихан нысандарымен қатар, оқу нәтижелерін бағалау (пән бойынша емтихан бағасы) семестрдегі студенттің жиынтық орташа рейтингі арқылы жүргізіле алады.

18. Білім алушылардың оқу нәтижелеріне қол жеткізуін қашықтан білім беру технологиялары арқылы бағалауға мүмкіндік бермейтін жағдайларда (мысалы, Институтта зертханада және басқа жағдайларда алынған практикалық дағдылар) пән келесі оқу жылына ауыстырылады немесе аралық аттестаттау 2020 жылғы 20

қыркүйегінен кешіктірілмей кейінге қалдырылады және білім алушыға «аяқталмаған» («I») баға қойылады. Егер білім алушы белгіленген мерзімде аралық аттестаттаудан өтпесе, оған «қанағаттанарлықсыз» («F») бағасы қойылады.

19. Білім алушыға оқу бағдарламасының (силлабус) барлық талаптарын орындаған, бірақ жеткілікті техникалық құралдардың болмауына және (немесе) Интернетке қол жетімділігінің жоқтығына байланысты аралық аттестациядан өтпеген жағдайда «I» бағасы қойылуы мүмкін. Бұл жағдайда білім алушы аралық аттестаттауды 2020 жылдың 20 қыркүйегіне дейін тапсырады. Егер білім алушы аралық аттестаттауды белгіленген мерзімде тапсырмаса, оған «қанағаттанарлықсыз» деген баға қойылады.

20. Институт шешімімен кейбір пәндер бойынша аралық аттестаттау жазғы семестрге ауыстырылуы мүмкін.

21. Студент өз қолымен жазылған өтініші негізінде аралық аттестаттау нысанын таңдауға құқылы (1-қосымша):

- осы Ережелердің 11-тармағына сәйкес қашықтан емтихан тапсыру;
- осы Ережелердің 17-тармағына сәйкес аралық аттестаттау пәндерін жиынтық бағалау;
- аралық аттестаттауды осы Ережелердің 18,19-тармақтарына сәйкес «аяқталмаған» («I») бағасымен кейінге қалдыру.

Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
ректоры г.ғ.д. С.Қуанышбаевқа
_____ факультетінің
_____ тобының студенті
Студенттің аты-жөні
телефон нөмірі

Өтініш

1-нұсқа: Сізден 2019-2020 оқу жылының 2 семестрінің аралық аттестаттауын қашықтан емтихан тапсыру түрінде тапсыруға рұқсат беруіңізді сұраймын.

2-нұсқа: Сізден 2019-2020 оқу жылының 2 семестрінің аралық аттестаттауын жиынтық бағалау түрінде тапсыруға рұқсат беруіңізді сұраймын.

3-нұсқа: Сізден 2019-2020 оқу жылының 2 семестрінің аралық аттестаттауын «аяқталмаған» («I») бағасымен кейінге қалдыруға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Қолы, күні